Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

03.08.2018 жылғы № 37158

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РМК

2015 жылы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 03.08.2018 жылғы анықталған бұзушылықтарды 150240013345, "Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Қарсылықты қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламадағы көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, хабарлама орындалды болып есептеледі.

Мемлекеттік аудит объектісі бұзушылықтарды жою туралы мәліметті, веб-портал арқылы камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 6-қосымшасына сәйкес хабарламаны ұсынған уәкілетті органға жолдайды.

Қағиданың 11 тармағына сәйкес, егер мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама веб-портал арқылы жеткізілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Егер қажет болған жағдайда қарсылыққа негіз ретінде растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы хабарламаға тіркелді.

заместитель руководителя
Тултебаев Талгат Айтмаханбетович

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша
анықталған бұзушылықтарды жою туралы
хабарламаға қосымша

Менімен, Сотрудник "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РМК Ажибеков Оспан Даниярулы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, шағымдар негізінде, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Хабарламаның №: 2559753-1 Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданындағы кәріздік жүйенің құрылысы (абонентерді қосу) кезіндегі инжинирингтік қызметі Лоттың № 19288125-ОК1 Услуги по авторскому/техническому надзору/управлению проектами, работами камералдық бақылау жүргізілді.
Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (тар) анықталды:
1. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жетекші маманы О.Ажибеков «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (БСН 150240013345, ОҚО, Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10) 2018 жылдың 5 мамырында веб-порталға жариялаған №2559753-1 «Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданындағы кәріздік жүйенің құрылысы (абонентерді қосу) кезіндегі инжинирингтік қызметі» хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптары негізінде төмендегілерді анықтадым: Конкурсқа қатысуға 5 әлеуетті өнім берушілер: «Raiymbek & company» ЖШС; «Arman Stroi Holding» ЖШС; «Батыр Алем СБ» ЖШС; «RIZIM engineering» ЖШС; «M&G TS Group» ЖШС-нен конкурстық өтінімдер түсіп, конкурстық комиссия олардың конкурстық өтінімдерінің біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін алдын ала қарап, барлық әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сай емес деп таныған. Ол жөнінде 02.07.2018 жылы №2559753-ОК1 алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасын түзіп, веб-порталда қалыптастырған. Конкурстық комиссияның 13.07.2018 жылғы №2559753-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 2 әлеуетті өнім берушілер пайдаланып, олардың ішінде «RIZIM engineering» ЖШС мен «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері конкурсқа қатысуға рұқсат беріліп, шартты баға ұсынысымен «M&G TS Group» ЖШС-гі жеңімпаз болып танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9 бабы 4 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген. Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады. Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. 1. Конкурстық комиссия Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Себебі, Қағиданың 150 тармағы 1-тармақшасына сәйкес «әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол

және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: конкурстық құжаттаманың 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі» делінген. Алайда, Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде 6 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтері ұсынылмағандығы анықталды. Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың ажырамасы бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінің 17 тармағына сәйкес «Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалытын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу тиіс» деп талап етілген. Ал, осы әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 мамандарының ұсынылмағандығы анықталды. Яғни, конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескертпесінің 2 тармағына сәйкес растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті делінген. Осы талаптарға қарамастан конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысуға негізсіз рұқсат берілгені анықталды. 2. «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурстық комиссия мүшелері Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Себеібі, конкурстық құжаттаманың ажырамасы бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінің 17 тармағына сәйкес «Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалытын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге қоса тіркеу тиіс» деп талап етілген. Алайда, Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 мамандарының ұсынылмағандығы анықталды. Нәтижесінде, Қағидалардың 150 тармағы Заңның 4 бабының 3 тармағының талаптары сақталмай әлеуетті өнім берушілер: «M&G TS Group» ЖШС мен «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып №2559753-1 «Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданындағы кәріздік жүйенің құрылысы (абонентерді қосу) кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурсы бойынша орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлаймын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймыз.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша, келесі тәуекел бейіндеріне жататын бұзушылықтар анықталған:

№6 - тәуекел бейіні

Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар қағиданың 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Уведомление
об устранении нарушений, выявленных по результатам
камерального контроля

03.08.2018 года № 37158

РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Южно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

В соответствии с подпунктом 1) пункта 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» (далее – Закон) уведомляет 150240013345, Государственное учреждение "Управление государственных закупок Туркестанской области" о нарушениях, выявленных 03.08.2018 года.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Закона Вам необходимо исполнить настоящее уведомление об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля (далее – уведомление) в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем его вручения (получения).

Уведомление признается исполненным в случаях устранения нарушений, указанных в уведомлении с учетом результатов рассмотрения возражений.

Информация об устранении нарушений (при необходимости подтверждающие документы) представляются объектом государственного аудита посредством веб-портала в уполномоченный орган, направивший уведомление согласно приложению 6 к Правилам проведения камерального контроля (далее – Правила).

В соответствии с пунктом 12 Правил, в случае несогласия с нарушениями, указанными в уведомлении, объект государственного аудита вправе в течение пяти рабочих дней со дня, следующего за днем его доставки посредством веб-портала направить уполномоченному органу возражение согласно приложению 4 к настоящим Правилам.

При необходимости к возражению могут быть приложены копии документов, подтверждающих доводы возражения.

Неисполнение в установленный срок уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, влечет приостановление расходных операций по кодам и счетам объектов государственного аудита, открытых в центральном уполномоченном органе по исполнению бюджета, а также банковским счетам (за исключением корреспондентских) объектов государственного аудита в соответствии с пунктом 1 статьи 32 Закона, а также административную ответственность должностных лиц в соответствии с частью 3 статьи 462 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях».

В соответствии со статьей 60 Закона действия (бездействие) органов государственного аудита и финансового контроля и (или) их должностных лиц могут быть обжалованы в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приложение с описанием выявленных нарушений прилагается к уведомлению.

заместитель руководителя
Тултебаев Талгат Айтмаханбетович

Приложение
к уведомлению об устранении нарушений,
выявленных по результатам камерального
контроля

Мной, Сотрудник РГУ "Департамент внутреннего государственного аудита по Южно-Казахстанской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" Ажибеков Оспан Даниярулы в соответствии со статьей 30 Закона Республики Казахстан от 12.11.2015 года «О государственном аудите и финансовом контроле» проведен камеральный контроль № объявления: 2559753-1 Услуги технического надзора на строительство канализационных сетей в мкр. Самал-2 г.Шымкента (подключения абонентов) № лота 19288125-ОК1 Услуги по авторскому/техническому надзору/управлению проектами, работами на основании жалобы посредством веб-портала государственных закупок.
По результатам камерального контроля установлено(-ы) следующее(-ие) нарушение(-я):
1. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жетекші маманы О.Ажибеков «Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (БСН 150240013345, ОҚО, Шымкент қаласы, Астана даңғылы, 10) 2018 жылдың 5 мамырында веб-порталға жариялаған №2559753-1 «Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданындағы кәріздік жүйенің құрылысы (абонентерді қосу) кезіндегі инжинирингтік қызметі» хабарландыруы бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде осы мемлекеттік сатып алуларға камералдық бақылау жұмыстарын жүргіздім. Камералдық бақылау жұмыстарын – конкурстық құжаттамға конкурсқа қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге қойылған біліктілік талаптарының және конкурстық комиссия тарапынан әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін бағалаудың негізділігінің, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар) талаптары негізінде төмендегілерді анықтадым: Конкурсқа қатысуға 5 әлеуетті өнім берушілер: «Raiymbek & company» ЖШС; «Arman Stroi Holding» ЖШС; «Батыр Алем СБ» ЖШС; «RIZIM engineering» ЖШС; «M&G TS Group» ЖШС-нен конкурстық өтінімдер түсіп, конкурстық комиссия олардың конкурстық өтінімдерінің біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін алдын ала қарап, барлық әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сай емес деп таныған. Ол жөнінде 02.07.2018 жылы №2559753-ОК1 алдын ала рұқсат беру туралы хаттамасын түзіп, веб-порталда қалыптастырған. Конкурстық комиссияның 13.07.2018 жылғы №2559753-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 2 әлеуетті өнім берушілер пайдаланып, олардың ішінде «RIZIM engineering» ЖШС мен «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері конкурсқа қатысуға рұқсат беріліп, шартты баға ұсынысымен «M&G TS Group» ЖШС-гі жеңімпаз болып танылған. Камералдық бақылау барысында анықталғаны: Заңның 9 бабы 4 тармағына сәйкес, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы біліктілік талаптары белгіленген. Осы баптың 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады. Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі. 1. Конкурстық комиссия Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Себебі, Қағиданың 150 тармағы 1-тармақшасына сәйкес

«әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: конкурстық құжаттаманың 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы. Тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі» делінген. Алайда, Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде 6 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтері ұсынылмағандығы анықталды. Сонымен қатар, конкурстық құжаттаманың ажырамасы бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінің 17 тармағына сәйкес «Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалытын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу тиіс» деп талап етілген. Ал, осы әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 мамандарының ұсынылмағандығы анықталды. Яғни, конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметтерінің ескертпесінің 2 тармағына сәйкес растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті делінген. Осы талаптарға қарамастан конкурстық комиссия мүшелері әлеуетті өнім беруші «M&G TS Group» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурсқа қатысуға негізсіз рұқсат берілгені анықталды. 2. «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімін конкурстық комиссия мүшелері Қағиданың 150 тармағының талаптарын сақтамай конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Себеібі, конкурстық құжаттаманың ажырамасы бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінің 17 тармағына сәйкес «Объектілерді қарау тексеруден өткен құрал-жабдықтардың көмегімен жүргізіледі (Құрал-жабдықтардың тексеруден өткен актілердің электронды көшірмелерін өтінімге тіркеу қажет). Бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалытын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 жұмысшылармен (мамандармен) жүзеге асырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші білімі туралы дипломы, куәлігі, біліктілігі (мамандығы) және басқа да құжаттарының электронды көшірмелерін өтінімге қоса тіркеу тиіс» деп талап етілген. Алайда, Камералдық бақылау барысында, әлеуетті өнім беруші «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде бақылау мен сынауды бұзылмайтын әдісімен жасалатын құрал-жабдықтармен қолдануға құқығы бар білікті 3 мамандарының ұсынылмағандығы анықталды. Нәтижесінде, Қағидалардың 150 тармағы Заңның 4 бабының 3 тармағының талаптары сақталмай әлеуетті өнім берушілер: «M&G TS Group» ЖШС мен «RIZIM engineering» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері конкурсқа жіберуге негізсіз шешім қабылдаған. Жоғарыда аталған кемшіліктерді ескере отырып №2559753-1 «Шымкент қаласы, Самал-2 шағын ауданындағы кәріздік жүйенің құрылысы (абонентерді қосу) кезіндегі инжинирингтік қызметі» ашық конкурсы бойынша орын алған Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының бұзушылықтарын жою шараларын қабылдап, мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнама талаптарына сәйкестендіру қажеттігін хабарлаймын. Қабылданған шаралар жөнінде 10 жұмыс күні ішінде Департаментті тиісті түрде хабардар етуіңізді сұраймыз.

По результатам камерального контроля, установлены нарушения, подпадающие под профиля рисков камерального контроля:

Профиль риска №6

На основании вышеизложенного, выявленные нарушения подлежат устранению в

соответствии с приложением 2 Правил.